

**«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ
ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО
РЫНКА»**

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ _____

от «__» _____ 2025 года

Алматы қаласы

город Алматы

**«Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы қаржы нарығы
мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі
уәкілетті органды хабардар ету қағидаларын, сондай-ақ хабарламаға қоса
берілетін құжаттардың тізбесін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы
30 мамырдағы № 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігінің
Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы қаржы нарығы
мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті
органды хабардар ету қағидаларын, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін
құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 137 қаулысына (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14221 болып тіркелген)
мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау
жөніндегі уәкілетті органды қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі
туралы хабардар ету қағидаларын, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін
құжаттардың тізбесін, және хабарламада көрсетілетін, бекітілген қаржы өнімдері
жөнінде мәліметтерді бекіту туралы»;

кіріспесі және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Сақтандыру қызметі туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Бағалы қағаздар рыногы
туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Микроқаржылық
қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Рұқсаттар

және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар ету қағидалары, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың тізбесі, және хабарламада көрсетілетін, бекітілген қаржы өнімдері бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар ету қағидаларында, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың тізбесінде, және хабарламада көрсетілетін, бекітілген қаржы өнімдері жөнінде мәліметтерде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар ету қағидалары, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың тізбесі, және хабарламада көрсетілетін, бекітілген қаржы өнімдері»;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар ету қағидалары, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың тізбесі, және хабарламада көрсетілетін, бекітілген қаржы өнімдері (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-1-бабына, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды (бұдан әрі – уәкілетті орган) қаржы ұйымдарының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабардар ету тәртібін, сондай-ақ хабарламаға қоса берілетін құжаттардың тізбесін, және хабарламада көрсетілетін, бекітілген қаржы өнімдерін айқындайды.

Қағидалардың талаптары сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына қолданылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қаржы ұйымы қаржы өнімін оны бекітуге уәкілетті қаржы ұйымының органы бекіткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға қаржы ұйымының қаржы өнімдерін бекітуі туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) жібереді.

Хабарламаға қоса берілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

1) оны бекітуге уәкілетті қаржы ұйымының органы бекіткен қазақ және орыс тілдеріндегі қаржы өнімін ұсыну туралы шарттың (бұдан әрі – шарт) нысаны (қаржы ұйымының ішкі құжаттарында шарттардың нысандарын бекіту туралы талаптар болған кезде);

2) дауыс беру қорытындыларын көрсете отырып, қаржы ұйымы органдарының шартты бекіту туралы шешімінен үзінді-көшірме;

3) қаржы өнімінің талаптарын бекітуге уәкілетті қаржы ұйымы органының (қаржы ұйымының ішкі құжаттарында шарттардың нысандарын бекіту туралы талап болған кезде), дауыс беру қорытындыларын көрсете отырып, қаржы өнімінің талаптарын бекіту туралы шешімінен үзінді-көшірме.

Қаржы өнімінің талаптарына сыйақы мөлшерлемесі, өнімнің қолданыс мерзімі, ең төмен және ең жоғары сома, ұсыну талаптары (оның ішінде шартты мерзімінен бұрын тоқтату, төлемдер мен толықтырулар тәртібі, қамтамасыз ету) жатады;

4) шарттардың нысандарын және қаржы өнімінің талаптарын бекіту тәртібі бойынша қаржы ұйымының ішкі құжаттары;

5) қаржы ұйымының талаптарын бекітуге (қаржы ұйымының ішкі құжаттарында шарттардың нысандарын бекіту туралы талап болған кезде) уәкілетті қаржы ұйымы органының қаржы өнімінің талаптарын бекіту туралы шешім қабылдауы үшін енгізілетін қаржы ұйымы бөлімшелерінің (оның ішінде әлеуетті клиенттердің қажеттіліктері мен күтулерін анықтау, клиент үшін қаржы өнімін ұсынуға байланысты тәуекелдерді бағалау бойынша) қорытындылары.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қаржы өнімінің талаптарына, оның ішінде шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, хабарлама:

1) шартты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру;

2) Хабарламаның 6-тармағында көрсетілген қаржы өнімінің талаптарына әсер етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда, Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып жіберіледі.

Хабарламаның 6-тармағында көзделген қаржы өнімінің талаптарына шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге әкеп соқпайтын өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде, қаржы ұйымы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бермей, қаржы өнімінің талаптарына енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып, хабарлама жібереді.».

2. Қаржылық қызметтерді дамыту және іс-қимылды қадағалау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі